

Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2006 жылғы 6 қазандағы № 304 шешімі. Қостанай облысы Қостанай қаласы әділет басқармасында 2006 жылғы 27 қазанда № 9-1-58 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы № 276 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 31.03.2010 № 276 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қостанай қалалық Мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (қоса беріліп отырған) бекітілсін.
2. Қостанай қалалық Мәслихатының "Тұрғын үй көмегін көрсету ережелері мен жиынтық табысты есептеу ережелерін бекіту туралы" 2003 жылғы 22 сәуірдегі № 239 (тіркеу нөмірі 2215, 2003 жылғы 29 мамырдағы № 5 "Қостанай" газеті), "Тұрғын үй көмегін көрсету ережелері мен жиынтық табысты есептеу ережелерін бекіту туралы" Қостанай қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 22 сәуірдегі № 239 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2003 жылғы 12 қарашадағы № 9 (тіркеу нөмірі 2591, 2003 жылғы 27 қарашадағы № 135 "Қостанай" газеті), "Тұрғын үй көмегін көрсету ережелері мен жиынтық табысты есептеу ережелерін бекіту туралы" Қостанай қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 22 сәуірдегі № 239 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 17 ақпандағы № 34 (тіркеу нөмірі 2812, 2004 жылғы 25 наурыздағы № 33 "Қостанай" газеті) шешімдері күшін жойды деп танылсын.
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, 2 сайлау округы бойынша депутаты

Қалалық Мәслихат хатшысының міндеттің атқарушы

М ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 6 жылғы 6 қазандағы
№ 3 0 4 ш е ш і м і м е н
бекітілген

Тұрғын үй көмегін көрсету

Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып е с е п т е л е д і .

2. Тұрғын үй көмегі тұрмысы төмен отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) ұстауға, жеке меншік тұрғын үй қорында жергілікті атқарушы органымен жалданған тұрғын жайды пайдалану үшін жалгерлік төлемге, коммуналдық қызметтерді пайдалануға және қалалық телекоммуникация желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік ақы көтерілу бөлігінде байланыс қызметтеріне төлеуге беріледі.

3. Қостанай қаласында тұрғылықты тұратын және тұрғын жай иесі немесе жалдаушы (жалға беруші) болып табылатын отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегіне құқығы бар.

Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын азаматтар телефон үшін абоненттік ақы төлеу тарифтерінің көтерілуіне өтемақы төлеуге құқығы бар.

4. Тұрғын үй көмегі және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу жеке тұлғаларға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті пайдалану мен байланыс қызметіне төлеу шығынының ұйғарынды шегінің үлесі осы мақсаттарға нақтылы шығыны көтерілген жағдайда тағайындалады.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеудің ұйғарынды шекті шығын үлесі Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, мәртебелері Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1995 жылғы 28 сәуірдегі 6, 8 баптарымен белгіленген, соларға теңестірілген адамдарға тұрғын үй көмегін есептегенде қолданылмайды. Осы санаттардағы азаматтарға коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға шығындардың жүз пайызы өтеледі.

Ескерту. 4-тармақ өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.01.18 № 330; 2008.05.22 № 94 шешімдерімен.

5. Тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерді пайдалану және байланыс қызметтеріне төлеудің ұйғарынды шекті шығын үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табысының он бес пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Белгіленген мөлшерден асатын тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтің ақысы жалпы негізде жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.01.18 № 330 ; 2007.12.14 № 31 шешімімен.

6. Өтемақымен қамтамасыз етілген тұрғын үй алаңының мөлшері, пайдаланылатын алаңы көлемінің бір адамға он сегіз шаршы метрін отбасына плюс тоғыз шаршы метр құрайды, бірақ бір бөлмелі пәтерден кем емес. Жалғыз тұратын азаматтар үшін пайдаланатын алаңының көлеміне байланыссыз отыз шаршы метр шегінде, Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін - отыз алты шаршы метр шегінде, жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар үшін төлеуге - он сегіз шаршы метр шегінде, бірақ тұратын алаңынан аспайтын.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2008.05.22 № 94 шешімімен.

7. Есептегіш құралдары (жылу, сумен жабдықтау, газ, кәріз су арнасы, электр қуаты, қоқыс шығару) жоқ тұтынушылар үшін өтем шаралармен қамтамасыз етілетін коммуналдық қызметтерді пайдалану мөлшерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

8. Егер тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет тарифтері мен мөлшерлері қолданыстағы заңнама тәртібімен анықталмаса, шығынды өтеу нақтылы шығыс бойынша жүргізіледі.

9. Коммуналдық қызметтерді пайдаланатын есептегіш құралдары бар тұтынушыларға есеп айырысу үшін, өткен тоқсанның немесе қызмет толық көрсетілген соңғы тоқсандағы есептегіш құралдардың көрсеткіштері негізінде, бірақ есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін белгіленген коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларынан аспайтын нақтылы шығынмен анықталады.

10. Электр қуатына төлеу шығындарын өтеу нақты шығындар бойынша жүргізіледі, бірақ бір бөлмелі пәтерде - жүз он киловаттан, екі бөлмелі пәтерде – жүз жиырма киловаттан, үш бөлмелі пәтерде тұратын отбасына – жүз елу киловаттан көп болмау керек, электр су жылытқыштарын немесе электр плиталарын пайдаланатын отбасылар (азаматтар) үшін әр адамға қосымша қырық бес киловатт, бірақ нақты тұтынудан аспау қажет.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009.03.27 № 183 шешімімен.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

11. Тұрғын үй көмегін алуға және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге құқылы адамдар "Қостанай қаласы әкімиятының

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) а р ы з ;
- 2) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;
- 4) пәтер жоспарының көшірмесі;
- 5) тұрғын жай жалдаушылар (жалға берушілер) үшін жалдау (жалға беру) шартының көшірмесі (жылына бір рет);
- 6) тұрғындарды тіркеу кітабы немесе тұратын мекен-жайын растайтын өзге құ ж а т т ы ң кө ш і р м е с і ;
- 7) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсан үшін табыстары туралы мәліметтер, өз бетінше жұмыспен қамтылған азаматтар табыстарын жазбаша тү р д е т а п с ы р а д ы ;
- 8) а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;
- 9) қалалық телекоммуникация желінің байланыс қызметтер көрсету туралы шарттың көшірмесі немесе түбіртек - телекоммуникация қызметі үшін есеп (ж ы л ы н а б і р р е т) .

Ескерту. 11-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.12.14 № 31 шешімімен.

11-1. Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектері, соларға теңестірілген адамдар тұрғын үй көмегін алу үшін мынадай құжаттарды т а п с ы р а д ы :

- 1) а р ы з ;
- 2) Ұлы Отан Соғысының қатысушысы және мүгедегі куәлігінің немесе жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге теңестірілген адамның мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 3) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін;
- 4) пәтер жоспарының көшірмесін;
- 5) азаматтарды тіркеу кітабының немесе мекен-жайын растайтын өзге құ ж а т т ы ң кө ш і р м е с і н ;
- 6) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

Ескерту. 11-1 жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2008.05.22 № 94 шешімімен.

11-2. Азаматтың, Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектерінен және соларға теңестірілген адамдардан басқа тұрғын үй көмегіне берген бірінші өтінішіне жылына бір рет уәкілетті органның сұранысы бойынша жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша уәкілетті органмен тұрғын үйдің бар немесе жоқ туралы мәліметтері беріледі. Есептеу құралдары бар, тұтынушылар коммуналдық қызметтерді пайдаланатын нақты шығындары туралы мәліметтер уәкілетті

органның сұранысы бойынша қаланың коммуналдық қызметтерімен беріледі.

Ескерту. 11-2 жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2008.05.22 № 94 шешімімен.

12. Уәкілетті органға салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері тапсырылады. Салыстырылғаннан соң құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Уәкілетті органның қызметкерлері құжаттардың көшірмелерін растайды және олардан іс ресімдейді.

13. Жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын жайы (пәтері, үйі) бар, тұрғын жайларын жалға (жалдау) немесе жалға беретін адамдар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

Бұл норма, кезінде ата-анасымен немесе балаларымен тұрып, тұрғын жайды жекешелендіруге қатысқан адамдарға және ерлі-зайыптылар арасындағы неке бұзылған жағдайда тарамайды.

14. Егер отбасы мүшелерінің бірі еңбекке қабілетті бола тұра жұмыс істемесе, оқымаса, әскерде қызмет атқарып жатпаса немесе жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген болса, тұрғын үй көмегін алуға және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге құқығы жоқ.
Ерекшелікті құрайтындар:

- 1) елу алты жасқа толған әйелдер және алпыс бірден асқан ерлер;
- 2) бір айдан астам стационарда емделуде жатқан азаматтар;
- 3) туберкулезбен, онкологиялық және психикалық аурулармен ауыратын азаматтар, емдеу мекемелерінде тұрақты есепте тұратындар және уақытша еңбекке жарамсыздық туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар адамдар;
- 4) күндізгі оқыту нысанды оқитын оқушылар мен студенттер, тыңдаушылар мен курсанттар, магистратура мен аспирантураны қоса алғанда;
- 5) бірінші топтағы мүгедектер, он сегіз жасқа дейінгі мүгедек-балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтар;
- 6) өз бетінше жұмыспен қамтылған азаматтар.

15. Егер өтініш жасаған тоқсанның алдында отбасының бір немесе бірнеше мүшесі жұмыс істемейтіндер болса және жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде тіркелмесе тұрғын үй көмегі және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу тағайындалмайды.

16. Дәлелді себепсіз ұсынылған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан бас тартқан, қатысудан немесе қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқу немесе қайта оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыз мүшелері бар отбасылар алты ай мерзімге дейін тұрғын үй құқығынан айырылады.

17. Тұрғын үй көмегін және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің

арттырылуына төлеуге өтемақы алушылар тапсырған құжаттардың растығына жауапты және тұрғын үй көмегін есептеуге ықпал ететін барлық өзгерістер туралы, сонымен қатар, егер көмек дұрыс есептелмесе, он күн ішінде хабарлауы к е р е к .

18. Асырып көрсетілген тағайындау немесе заңсыз төлеуді болдырған жалған мәліметтер тапсырылған жағдайда, алынған тұрғын үй көмегі және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төленетін өтемақы толық көлемде бюджетке қайтарылады. Төлемдерді ерікті түрде аудару арқылы қайтарылады, ал б а с т а р т қ а н ж а ғ д а й д а с о т а р қ ы л ы .

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссиясының шешімі бойынша тұрғын үй көмегін алушы тұрғын үй көмегін және телефон үшін ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы тағайындауға шындыққа жанаспайтын мәліметтер берген үшін бір жылға дейінгі мерзімге оны алу құқығынан а й ы р ы л а д ы .

Ескерту. 18-тармақ өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.01.18 № 330 шешімімен.

19. Тұрғын үй көмегін және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлеуге өтемақы тағайындау туралы шешім уәкілетті органмен қабылданады. Даулы мәселелер болған жағдайда атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссиямен (бұдан әрі - комиссия) қабылданады.

20. Берілген құжаттарды қарау нәтижесі бойынша тұрғын үйдің иесі немесе жалдаушысымен (жалға берушімен) уәкілетті органның арасында шарт жасалады .

21. Тұрғын үй көмегі және телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу үшін зейнеткерлерге және мүгедектерге жылыту маусымы мерзіміне, азаматтардың басқа санаттарына құжаттарды тапсырған айдан бастап ағымдағы тоқсан мерзіміне (бірінші тоқсанды есептемегенде, жылу беру маусымының аяқталуына байланысты жылу беру маусымы аяқталуына дейін тағайындалады) тағайындалады. Құжаттарды қабылдау ай бойы жүзеге асырылады, есептілік келесі айдың 5-ші жұлдызына дайындалады, тағайындалған жәрдемақыны төлеу өткен ай үшін жасалады.

Ескерту. 21-тармағы толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.12.14 № 31; өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009.03.27 № 183 шешімдерімен.

22. Отбасының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді пайдалануға ақы төлеу шығынының ұйғарынды шегінің үлесі, сондай-ақ коммуналдық қызметтер мен телефон үшін абоненттік ақы төлеу тарифтері өзгерген жағдайда уәкілетті орган бұрынғы есептелген соманы қайта есептейді. Алушы қайтыс болған жағдайда қайта есептеу қайтқан күнін қоса жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармағы өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009.03.27 № 183 шешімімен.

23. Тұрғын үй көмегін алатын және табыстары (еңбекақы, зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы немесе өзге табыстары) бар, бірақ тұрғын үй көмегін алып тұрған кезеңде коммуналдық қызметке ақы төлемейтін азаматтарға, комиссияның шешімі бойынша тұрғын үй көмегін төлеуі, көрсетілген мерзімге қарызды толық өтегеніне дейін тоқтатылады.

24. Тұрғын үй көмегінің мөлшері өтем шаралармен қамтамасыз етілетін нормалар шегіндегі тарифтер бойынша есептелген сомамен тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер мен телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеуге және осы отбасының осы мақсаттарға жұмсайтын ұйғарынды шекті шығынының айырмасы ретінде есептеледі.

25. Абоненттерге телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысы қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін телефон үшін абоненттік ақының арттырылған айырмасын тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығыстардың сомасына қосу жолымен жүзеге асырылады.

3. Жиынтық табысын есептеу

26. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасылардың (азаматтардың) жиынтық табысы уәкілетті органмен есептеледі.

27. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын белгілегенде, бір мекен-жайы бойынша тіркелген және шаруашылықты ортақ жүргізетін, бірге тұратын оның барлық мүшесі есепке алынады.

28. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысына, тұрғын үй көмегін тағайындау үшін өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанға, ақшалай немесе заттай түрде алынған, алу көздеріне қарамастан Қазақстан Республикасы және одан тыс жерлерден алынған табыстардың барлық түрлері кіреді.

29. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жиынтық табысты есептегенде отбасы табысының, тұрғын үй көмегінен, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегінен, 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік балалар жәрдемақысынан, бала туғанға берілетін біржолғы жәрдемақысынан, біржолғы әлеуметтік төлемдер мен мектептерде балалардың тегін тамақтануына әлеуметтік көмегінен басқа, барлық түрлері ескеріледі.

Отбасының жиынтық табысын есептегенде, қызметкермен еңбек қызметінен нақты алынған табысы кіреді.

Ескерту. 29-тармағы өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы

30. Егер жиынтық табысты белгілеу осы Қағидамен реттелмеген болса, онда жиынтық табысы, балаларға жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын қолданыстағы есептеу тәртібіне сәйкес белгіленеді.

4. Жергілікті жылытумен жеке тұрғын үйлерде тұратын отбасыларға (азаматтарға) материалдық көмек беру тәртібі

Ескерту. 4-тарау шығарылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2007.01.18 № 330 шешімімен.

5. Қаржыландыру және тұрғын үй көмегін төлеу

33. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру жергілікті және республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

34. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтеріне төлеуге, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысына тұрғын үй көмегі аударым түрде беріледі және азаматтың арызы бойынша, үй иесіне немесе жалдаушыға (жалға берушіге) есептелген сомаға қарағанда коммуналдық қызметтерге төлеу және тұрғын үй көмегіне төлемін кеміту ретінде қызмет берушілердің шоттарына есептеледі.

Ескерту. 34-тармағы өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009.03.27 № 183 шешімімен.

35. Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу өтемақысы, алушының келісімі бойынша өтініш берушінің екінші деңгейдегі банкте жеке шотына немесе қызмет берушілерге аударылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2009.03.27 № 183 шешімімен.

36. Уәкілетті орган есептелген төлемдер сомасын көрсетумен тұрғын үй көмегін алушылардың тізімін жасайды және ай сайын өтеу үшін қаржы органына жиынтық ведомостарды тапсырады.

37. Қаржы органдар, тапсырылған ведомостар негізінде, бюджетте қарастырылатын қаржы бөлу есебінен уәкілетті органға қаражат өтеуді төлем тапсырыстармен жасайды.